


ТАРИХТА ДАҢҚТЫ АТЫ ҚАЛҒАН ТҰЛҒАНЫ ӨНЕГЕ ЕТУ

Өткен тарихымыз туралы білімді және сол тарихымыздағы ұлы тұлғалардың ұлт, халық үшін жасаған ұлы істерін санасына терең сіңірген ұрпақ қалыптастырғанда мемлекетіміздің жарқын келешегінен, тәуелсіздігіміздің баяндылығынан үміт етуімізге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміз – қилы замандарда елдігімізді сақтап, ұланғайыр жерді ұрпақтарына аманат етуге тер төккен ұлт көшбасшыларының, қайраткерлердің, тарихи тұлғаларымыздың жеңісі!

Қазақстан Тәуелсіздігінің тарихында орны зор ұлы тұлға Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың жарқын бейнесі мен ұлағатты істерін жадыда жаңғырту мақсатын көздеген ғылым-танымдық шара ұлт көшбасшысының 155 жылдық мерейтойымен және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. «Білім мен тәрбие ұштасса ғана рухани сауаттылыққа жол ашылады, мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді» деген ұлы ғұлама Әбунасыр әл-Фарабидің ұлағатты сөзі тұрғысынан алсақ, ұлт көшбасшысы Ә.Н. Бөкейхановтың еңбектеріндегі ғылым-білімді және оның өмір жолындағы өнегелі істері мен кісілік келбетін қазіргі жас ұрпақ санасына сіңіру ең оңтайлы тәрбие деп ойлаймыз. Осы орайда ұлы тұлғаның ұлт көсемі ретіндегі орны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түркітану және тіл теориясы кафедрасының докторанттары ұйымдастыруымен өткен «Ә.Н. Бөкейханов – ұлт көшбасшысы» дөңгелек үстеліне қатысушылар тарапынан ұлықталды. «Лингвистика» мамандығының 2-курс докторанты Қуанышбек Телғараевтың баяндамасында «Алтын Орданың жалғасы» деп танылған «Алаш» үкіметін құрудағы Ә.Н. Бөкейхановтың саяси-құқықтық бес ұстанымы оның ұлт көшбасшысына тән қырларының нақты көрініс ретінде бағаланды.

Бүгінгі жастарымыздың, нақты айтқанда, еліміздің ертеңгі ғылыми әлеуетін құрайтын бүгінгі докторанттарымыздың «Алаш» партиясының көсемі, ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейханов тұлғасын тануға және танытуға деген құлшынысы қуантады. Себебі Ә.Бөкейханов ұлт тарихының бір желісін, тамырын құрайды. Сондықтан аталған дөңгелек үстел жұмысына «Түркітану» мамандығының 3-курс докторанты Назым Қайранбаеваның Хаджеттепе университетіндегі (Түркия мемлекеті) ғылыми тағылымдамасы кезінде жүргізген «Түрік азаматтары Әлихан



Бөкейхан туралы біле ме?» сауалнамасының нәтижелері, жүргізілген сұхбат үзінділерінен ұсынылған бейнебаяны да өте зор үлес қосты деп бағаланды.

Қазіргі жаһандану үдерісіне сәйкес әлемдік ғылыми және саяси интеграцияда еліміздің алатын орнын анықтау, орнын нығайту Ә.Н. Бөкейханов сияқты қайраткер тұлғаларымыздың ерен еңбектерінің дүниежүзіне насихатталуы арқылы да жүзеге асырылады десек қателеспейміз. Ал аталған дөңгелек үстел жұмысы барысындағы «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығының I курс докторанты Айжан Калкаеваның «Alikhan Bokeikhanov - the true leader» атты ағылшын тіліндегі баяндамасы ұлт мақтанышын әлемге таныту жолындағы игілікті істің алғашқы қадамы іспеттес деп ойлаймыз.

«Лингвистика» мамандығының 3-курс докторанты Зоя Ключинаның баяндамасы Ресей тарихшы-ғалымы В.И. Козодойдың тұсаукесері кешегі 2021 жылдың соңғы айларында ғана өткен монографиясының тұтастай ұлтымыздың бірегей тұлғасы Ә.Н. Бөкейхановқа арналған мазмұнымен таныстыруға арналды. Ресей тарихшы ғалымы В.И. Козодойдың Ә.Н. Бөкейханов туралы «Не у всех народов есть фигура такой значимости» деген бағасы және оның монографиясының «Алихан Букейханов: человек-эпоха» аталуы ұлт көсемінің әлемдік деңгейдегі тұлғасын танытады. Бұл тек Әлихан Бөкейханов тұлғасын тануда ғана емес, сонымен қатар қазіргі және келешектегі жалпыұлттық сананың дамуында маңызды болып табылады. Өйткені мемлекетті құрайтын ұлттың ұйысуына тіл, территория, салт-дәстүр, тарих бірегейлігімен қатар әлем елдері таныған, мойындаған қайраткер тұлғаларының да орны зор. Тарихта даңқты аты қалған тұлғаларды, оның елімен, отанымен сәйкестендіреді, ал халқы онымен мақтанады.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының доценті
А.Қ. Таусоғарова**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Лингвистика мамандығының 1 курс докторанты
А.Уалиханұлы**

КИПРСКАЯ ЛОВУШКА АНГЛИЧАН

Слова Верховного комиссара Великобритании по Южному Кипру Стивена Лилли в открытом интервью греческой газете "Катимерини" на прошлой неделе и "Таблица кипрских решений", которую он нарисовал, показывают, что думает западный мир о Кипре и Восточном Средиземноморье.

Великобритания настаивает на том, чтобы достигнутое соглашение по Кипру было решением "единого государства международным сообществом". Желания западного мира, точнее экспансионистов и колонистов последних 300 лет, империалистов, заключаются в том, что кипрская проблема является односторонним решением, которое будет безоговорочно присягать им и безразлично.

Не имеет значения, каким политическим балансом было создано это искусственное государство, которое будет создано и одобрено Западом, "единым суверенитетом", между двумя народами, живущими на Кипре на протяжении веков, сколько прав и полномочий будет у декриминализации, кто кого будет управлять.

По мнению британских политиков и стратегов, определение "одного государства снаружи и двух государств внутри" не является новой концепцией. План лорда Уинстера 1947 года, Конституция сэра Эдварда Джексона 1948 года, Предложения Гарольда Макмиллана 1955 года и План лорда Рэдклифа 1956 года предлагали решение, согласно которому "суверенитет, представительство и управление были разделены двумя народами, единственными снаружи, но состоящими из двух народов внутри". (Атун, Планы Кипра, "Гиперли", 2021)

Исходя из всех этих планов, предложений и конституций, пусть Кипр станет независимым государством, пусть так думает весь мир, но за кулисами права Британии не будут потеряны, пусть Англия будет иметь право голоса над Кипром.

Так и случилось. Республика Кипр, независимость которой была признана Западом в 1960 году, на самом деле была полной британской колонией. Он стал частью "Стран общего благосостояния", которые англичане создали для управления своими бывшими колониями. "В обмен на кипрскую лиру он был под залог в Лондонском Центральном банке в виде фунта стерлингов". Британские товары попадали на остров по льготному и более низкому таможенному тарифу по сравнению с товарами Европы и третьих стран. Так называемая "внешняя

политика Республики Кипр также была полностью направлена на желания и стратегии британцев.

Военный переворот, нанесенный Грецией 15 июля 1974 года для взятия острова Кипр у границ Греции, стал началом подрыва политического и стратегического баланса в регионе. То, что англичане приняли с 1834 года, и на протяжении многих лет их тонкое мастерство, такое как кружево, привело к разрушению основ восточно-средиземноморской политики и ближневосточных стратегий.

Несмотря на все нежелание англичан вернуть разрушенную и разрушенную после военного переворота Грецию "Республику Кипр" в качестве государства-гаранта, 20 июля 1974 года Турция вынуждена была провести военную интервенцию на остров, обещав восстановить баланс в регионе на разных основаниях.

В первой четверти 21-го века, когда США, ЕС и англичане, по другому определению, экспансионистский Запад потеряли былую власть, Турция стала региональной державой, перекрывали интересы и политические отношения с Россией и Китаем и, самое главное, энергетические месторождения в Восточном Средиземноморье, активизировали экспансионистский Запад, чтобы взять под контроль остров Кипр в целом и управлять им за кулисами.

Вот что хотел сказать Верховный комиссар Великобритании по Южному Кипру Стивен Лилли и заставить Турцию и ТРСК согласиться: "Мы не можем принять два отдельных государства. Если мы примем это, то сбудется доктрина Голубой Родины Турции, и мы потеряем наши права (экспансионистский Запад), Восточное Средиземноморье и море островов (Эгейское море)."

Таким образом, когда мы смотрим на прошлое и стратегии Запада, в первую очередь на англичан, становится ясно, что любое предложение на Кипре, кроме решения "двух равноправных, суверенных и политически признанных на международном уровне государств", будет против Турции и ТРСК.

**Проф. Доктор, Академик Ата Атун, Кипрский научный университет
ТРСК III. Политический советник президента**

Переводил: Ашимов Талгат

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ УАҚЫТ ТАЛАБЫ және ЗАМАН СҰРАНЫСЫ

Бәрімізге мәлім «Егемен Қазақстанда» Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланған. Онда қарастырылған негізгі мәселелердің бірі қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру болған. Мында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз қажет екенін және болашақта барлық іс-қағаздар мен оқулықтар осы әліпбимен жазылуы керек екенін басып айтты. Осыған орай бүгінгі таңда елімізде латын графикасына көшуге дайындық жұмыстары барлық салада қызу жүріп жатыр деп ойлаймын.

Өз басым бұл өте өзекті әрі орынды мәселе деп санаймын, қазақ елінің елдігі мен егеменділігін, халықтың сауаттылығын айқындайтын жақсы көрсеткіштердің бірі болады деп ойлаймын. Осы мәселе көтерілгеннен бері, мұғалім ретінде, өз санамда жақын болашақта латын әліпбиіне көшеміз, соған кәзіргі білім алып жатқан жас буынды дайындауымыз керек деген ой көңілімді термеп келеді.

Бірақ осы мақсатымызға қол жеткізу үшін не істеу керек деген сұрақ әр бір тіл жанышының көкейінде болу керек деп ойлаймын. Ол үшін не істеу керек, мында ең негізгі мәселе мемлекет тарапынан белгілі бір арнайы бағдарлама жасалуы қажет. Одан кейін ең бірінші, латын графикасына көшудің мақсатымен маңыздылығын анықтап алуымыз қажет. Екіншіден, мектеп бағдарламасындағы қажетті оқулықтарды, өткенімізді дәлелдейтін құнды мұраларымызбен деректерімізді, әдеби шығармаларымызды бәрін сауатты және сапалы аударып дайындап алуымыз керек. Үшіншіден, латын қарпін сауатты жаза білетін оқи алатын ұстаздар дайындау керек. Осындай мәселердің бәрін орындап шешімін табатын болсақ, жақсы нәтижеге жетеміз деп үміттенемін. Әрине, осы мақсатқа жету үшін тек сөзбен емес, іс-әрекетімізбен ұмтылсақ, көп ізденіп, талмай еңбек етсек, шынайы көңіл менен күш-жігерімізді жұмсасақ ғана жете алатынымыз анық.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіріп қолдану кәзіргі жастарымызға аса қиын болмайды деп ойлаймын. Оның себебі, қазіргі таңда жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеріп әлеуметтік желілерде ағылшынша жазатынын байқап жүрмін. Бұл әрине қуантарлық жәйт, себебі, латын әліпбиімен ағылшын тілінің әріптері өте ұқсас келеді. Сондықтан да латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі жұртшылыққа тез сіңеді деп айтуға болады. Ендігі мәселе-ғалымдар бір ауыздан латын әліпбиінің ең тиімді нұсқасын анықтап, осы жоспардың іске асуына негізгі тиреуіш болса екен деген ізгі тілегім бар. Озық технологияның заманында латын әліпбиіне көшу бұл – уақыт талабы, заман сұранысы екенін, ұлтымыздың болашағы үшін маңызды екенін түсінуіміз қажет.

Г. А. Гайипова, КазҰУ, шет тілдері кафедрасы

БІЛІМ – КҮШ

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызыша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» деген еді Ғабит Мүсірепов.

Адамзат баласы ақиқатқа талпынады, шынайы пайдалы білімге талпынады. Оның шегі қайда аппаратыны белгісіз. «Білім – күш» деген сөзді Ф.Бэкон айтқан, бірақ ол адамзатты бақытқа бөлейтін жақсы күш пе, әлде сорлататын, құртатын жаман күш пе, бұл туралы да талас көп. Осы тұста бізге мол білім беретін оқу орнымыз жайлы айта кетсек.

Ұлы армандарымның бастауы болған ҚазҰУ-да оқығаныма мен бақыттымын. Себебі мен мұнда өз арманымдарымның орындалуы үшін күресудемін. Енді мұндағы қысқа уақыттың ішіндегі өзгерістерге көз жүгіртсек.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. Бізге әр семестр сайын әр кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Турсумбеков А.Ш., Белисарова Ф.Б.